Атырау облысы
Атырау облысы
Мемлекеттік сатып алу және
коммуналдық меншік
басқармасының
2024 жылғы «19» 01
№8 бұйрығына 3 қосымша

Атырау облысы
Мемлекеттік сатып алу және
коммуналдық меншік
басқармасының
2024 жылғы «19» 01
№8 бұйрығымен бекітілген

«Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Бокстан облыстық мамандандырылған спорттық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Атырау облысы Дене шынықтыру,спорт және туризм басқармасының «Бокстан облыстық мамандандырылған спорттық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы болып Атырау облысы әкімдігі табылады (бұдан әрі - Құрылтайшы).

3. Кәсіпорынның мүлікке билік ету жөнінде уәкілетті орган – «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

4. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік басқару органы) табылады.

5. Кәсіпорынның атауы: Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Бокстан облыстық мамандандырылған спорттық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: 060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 2.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, облыс әкімдігінің қаулыларын, Мемлекеттік басқару органы басшысының бұйрықтарын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ осы жарғыны басшылыққа алады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорын қызметінің мәні Атырау облысында спорттың бокс түрін дамыту қызметін жүзеге асыру болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасында жоғары жетістіктер спортын дамыту;

2) халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындау;

3) спорттық және олимпиадалық қозғалыстарды дамыту болып табылады.

13. Мақсаттарға жету үшін Кәсіпорын келесі қызметтер түрін жүзеге асырады:

1) жоғары жетістіктер спорты саласындағы қызметті жүргізу;

2) оқу-жаттығу жұмыстарын және спортшылардың жеке дайындық жоспарларын іске асыру;

3) спортшылардың жеке дайындық жоспарларына сәйкес республикалық, халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;

4) жаттықтырушы-оқытушы құрамның біліктілігін және тағылымдамасын арттыру бойынша жұмыстар ұйымдастыру;

5) дене шынықтыру мен спорт саласындағы жетекші мамандарды, жаттықтырушыларды, ғылыми қызметкерлерді, медицина қызметкерлерін шақыру арқылы семинарлар, курстар ұйымдастырып, өткізу;

6) кеңінен таратылатын спорт түрін одан әрі дамытуды жоспарлау;

7) халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес спорттық бірлестіктерге кіру;

8) спорт жарыстарын, оқу-жаттығу жиындарын, басқа да спорт іс-шараларын жүзеге асыру;

9) спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар кеңесі, төрешілер алқасының қоғамдық комиссиясын құру және жұмысын ұйымдастыру;

10) спортшыға, жаттықтырушыға және өзге де спорт маманына спорттық қызмет туралы жасалған келісім-шартқа сәйкес төлемдерді уақтылы төлеу;

11) көрсетілген медициналық тексерулерден өту кезеңінде жұмыс орындары (лауазымдары) мен орташа жалақыларын сақтай отырып, спортшылардың, жаттықтырушылардың және өзге де мамандардың көрсетілген медициналық тексеруден өтуін ұйымдастыру;

12) спорт федерациясы белгілеген мерзімде бокс федерациясына жаттықтырушылармен, спортшылармен және дене шынықтыру және спорт саласындағы өзге де мамандармен спорттық қызмет туралы шарттар жасасу туралы ақпаратты жолдау;

13) қызметкерлерді жеке қорғану құралдарын қоса алғанда, спортшыларды, жаттықтырушыларды және дене шынықтыру мен спорт саласындағы өзге де мамандарды қажетті спорттық киіммен, мүкәммалмен, медициналық қызмет көрсетумен және өзге де құралдармен қамтамасыз ету;

14) спорттық жарыстар мен оқу-жаттығу жиындары өтетін орындарда күзет пен еңбек гигиенасының талаптарына жауап беретін тиісті техникалық жабдықтарды орнату және спортшы мен дене шынықтыру және спорт саласындағы маманның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

15) спорттық жарыстарға дайындалу және оларға тікелей қатысу кезінде спортта допингті және денсаулыққа зиянды басқа да құралдарды және (немесе) әдістерді пайдалануға қарсы күресу;

16) салауатты өмір салтын насихаттау және халық арасында спортты дамыту;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен спортшының, жаттықтырушының және дене шынықтыру мен спорт саласындағы өзге де маманның міндетті әлеуметтік және медициналық сақтандырылуын жүзеге асыру;

18) спортшыны, жаттықтырушыны және дене шынықтыру мен спорт саласындағы өзге де маманды еңбекті қорғау және жазатайым оқиғалар болған жағдайда алғашқы көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне үйрету, еңбекті қорғау жөнінде нұсқаулар беру, жұмыс орнында тағылымдамадан өткізуге және еңбек қорғау талаптарын, жұмысты орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін білетіндіктеріне тексеру жүргізу;

19) жастар арасында спорт резервін даярлауды жүзеге асыру, спорт мектептерін құру, спорт түрі бойынша жаттықтырушылар мен төрешілер даярлау;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен спортшылармен, жаттықтырушылармен және дене шынықтыру мен спорт саласындағы өзге де мамандармен спорттық қызмет туралы келісім-шарттар жасасу;

21) спортшыларды, жаттықтырушыларды және дене шынықтыру мен спорт саласындағы өзге де мамандарды жоғары спорттық нәтижелерге жеткені үшін көтермелеу;

22) өз құзыреті шегінде халықаралық келісім-шарттар мен келісімдер жасасу;

23) халықаралық үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүшесі ретінде кіру туралы шешім қабылдау.

14. Кәсіпорынға жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

15. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен анық шектелген қызмет мақсаттарына, не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәмілесі мемлекеттік басқару органының немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

16. Кәсіпорын директорының мемлекеттік мекememен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік, материалдық және өзге де жауапкершілік шараларын қолдануға алып келеді.

4. Кәсіпорынды басқару

17. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Кәсіпорын мүлкінің есепке алынуын ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

11) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік басқару органы:

1) еңбекке ақы төлеу қорын белгілейді;

2) Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің ағымдағы және перспективалық жоспарларын қарап, бекітеді;

3) белгіленген мерзімде Құрылтайшыға тиісті есеп бере отырып Кәсіпорынның жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің мақсаты бойынша пайдаланылуын және сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының заңдарымен және нормативтік-құқықтық актілерімен оның құзырына жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

19. Кәсіпорынның заңды тұлға ретіндегі органы болып директор табылады. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік басқару органы Кәсіпорын директорымен қарым-қатынасты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек келісімін жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған кепілдіктерден басқа мемлекеттік бюджетке белгіленген таза табыс бөлігінің дер кезінде аударылмағаны үшін Кәсіпорын директорының жауапкершілігі айқындалады.

21. Кәсіпорын директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне, мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

22. Кәсіпорын директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда айқындалған өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді және сонымен қатар:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді, барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді;

2) Заңмен белгіленген шектерде Кәсіпорын мүлкіне билік етеді, шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банктік шоттар ашады және өзге де мәмілелер жасайды;

3) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше белгіленбесе, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

5) белгіленген еңбекке ақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорын қызметкерлерін (өзінің орынбасарлары мен бас есепшіні қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

6) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Құрылтайшыға кандидатуралар ұсынады;

7) өз орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

8) Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды ұйымдастыруға дербес жауапкершілікте болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге функцияларды жүзеге асырады.

10) еңбек шартына сәйкес кәсіпорынның таза табысының белгіленген бөлігін бюджетке уақытылы аудармағаны үшін жауапкершілікте болады.

5. Кәсіпорын мүлкі

23. Кәсіпорын мүлкін құны Кәсіпорынның дербес теңгерімінде көрсетілетін активтер құрайды. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлінбейді.

24. Кәсіпорын мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Құрылтайшымен мүлікті Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылданған мүлікке жедел басқару құқығы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікті Кәсіпорынның теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

26. Кәсіпорын оған бекітілген мүлікті және өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде түскен қаражаты есебінен алынған мүлікті иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен билік етуге осы Жарғыда қарастырылған жағдайдан басқа Мемлекеттік басқару органының жазбаша келісімі бойынша құқылы.

27. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сатуға, айырбас, сыйға беру шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

28. Құрылтайшы жедел басқару құқығындағы мүлікті алу туралы шешімде кейіннен оны теңгерімнен шығарумен алынған мүлікті екінші тұлғаға бергенге дейін ұстау және сақталуын қамтамасыз ету мерзімін Кәсіпорынға белгілеуге құқылы.

29. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

30. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте меншік құқығын алу үшін Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

31. Кәсіпорынның мүлікті жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіпте және негіздер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге жағдайларда тоқтатылады.

32. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын осы Жарғының 27-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті Құрылтайшының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

33. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

34. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Мемлекеттік басқару органы белгілейді.

35. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

36. Кәсіпорынның таза табысының белгіленген нормативтер бойынша бір бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

Кәсіпорын таза табыс бөлігін корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті бюджетке аударуды жүргізеді.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

37. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

38. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есебі және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Құрылтайшының келісімі бойынша Кәсіпорын директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

39. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, капиталдағы өзгерістер туралы есепті, мемлекеттің түсіндірме жазбасын қамтиды, Кәсіпорынмен дербес жүзеге асырылады.

9. Кәсіпорын жауапкершілігі

40. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді.

41. Ақша жеткіліксіз болған кезде Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Өзара қарым-қатынастар және жұмыс тәртібі

42. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады. Кәсіпорын мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның), Кәсіпорын мен құрылтайшының, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органының) арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес айқындалады.

43. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидасымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

11. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу

44. Кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу қорының мөлшері жыл сайын Мемлекеттік басқару органымен белгіленеді.

45. Еңбекке ақы төлеу нысаны, штаттық кесте, лауазымдық жалақылар мөлшері, сыйлықақы және өзге де сыйақы жүйесі белгіленген еңбекке ақы төлеу қоры шегінде Кәсіпорынмен дербес айқындалады.

46. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас есепшісінің лауазымдық айлықақыларының мөлшері, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесі Мемлекеттік басқару органымен белгіленеді.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

47. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімімен жүзеге асырылады.

48. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

49. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді Құрылтайшы қабылдайды, мемлекеттік басқару органы оны іске асыру бойынша тиісті жұмыстарды жүргізеді.

50. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкі мемлекеттік мүлік бойынша Құрылтайшымен қайта бөлінеді.

Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджет табысына есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

50. Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.